


Жоғарғы Сот төрағасы
Ж.Асановқа

Адвокат **А.Бастаровтан**
мекен жайы: Тараз қ.



10/7

Ұ С Ы Н Ы С

Жаңа Қазақстан дәуіріне дейін, тәжірибелі заңгер ретінде ертеден қалыптасқан пікіріме байланысты Ч.Б.Коныраубековті ҚР ҚК-нің 256 - бабының 2 бөлігімен кінәлі танып, 7 жыл 10 айға бас бостандығынан айыру жазасын тағайындау белгіленген Тараз қаласының № 2 сотының 15.06.2022 жылғы үкімінің өзгертілетіні мен үшін күтпеген жағдай болатын. Өйткені, іс жүзінде, бірінші сатылы соттың қабылдаған сот актілерін апелляциялық сот алқасының бұзуы, өзгертуі өте сирек кездесетін.

ҚР Президенті - Ел басшысы, Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың «Жаңа Қазақстанда полицияның озбырлығына, білімсіз прокурорларға, біржақты судьяларға орын болмауы керек!» деген ұстанымы аясында Жамбыл облысының Сотының қылмыстық істер жөніндегі апелляциялық сот алқасының судьялары Н.Абидов, М.Атибеков және Г.Нурлыкулов өздерінің қызметтік міндеттерін Жоғары кәсіби деңгейде атқарып, ерекше жанжақтылық танытып, **ҚАРА ҚЫЛДЫ ҚАҚ ЖАРАР**, әділетті сот актісін қабылдады.

«Сотталушы Ч.Б.Коныраубековтың 08.01.2021 жылы сағат 17.30 шамасында, Тараз қаласы Асқаров көшесі 192 үйдің 5-пәтеріне Мухит есімді танысының үйлену тойына қатысқанға дейін өзінің таныстары Нурхат, Ербол Даурен, Мадиярмен алдын ала телефон арқылы сойлеспегенін, радикалды дін, террористік топтардың идеологиясын мақұлдау, Исламның салафиттік ағымын насихаттау туралы өз ара алдын ала сөз байласпағанын ескеріп, ҚР ҚК-нің 256 - бабының 2 бөлігімен сотталушыны ақтауды, оның әрекеттерін аталған баптың 1 – бөлігімен дәрежелеп, төменгі жаза тағайындауды» өтінген өтініш хатымды бірінші сатылы сот естімегенімен апелляциялық сот алқасының судьялары естіді, аталған негізбен бірінші сатылы соттың үкімін өзгертіп, сотталушы Ч.Коныраубековтың әрекеттерін ҚР ҚК-нің 256 – бабының 1 бөлігімен дәрежелеп 5 жыл 6 ай жаза тағайындаған.

Сондай-ақ, аталған сот алқасының судьясы Л.Рамазановада өзінің қызметінің Жоғары маманы екенін танытты.

Ағымды жылдың шілдесінде, процестік прокурордың тұрып-жүруі қиындаған ауру, 67 жастағы қарие күдікті Б.Албағачиевке қатысты

«күзетпен ұстау бас шарасын 2 – айға созу туралы ұсынысын тергеу судьясы қолдап, тиісті заңсыз қаулы қабылдаған. Судья Л.Рамазанова, өзінің кезегінде, Жоғары біліктілігінің арқасында Ерекше жанжақтылық танытып, ішкі ар-ұжданын басшылыққа алып, қарие күдіктінің сотқа дейінгі тергеуден бой тасалап кететін қауһарының жоқ екенін ескеріп, оның бас шарасын кепіл бас шарасына өзгерту туралы қаулы қабылдады. Іс жүзінде, сотталушы Б.Албагачиевке қатысты қылмыстық істің сотта қаралып, үкім қабылданып, күшіне енгенге дейін **оның соттан бас сауғалмағанымен Е.Рамазанованың сот актісінің заңды екені дәлелін тапты !!!**

Құрметті Жоғарғы Сот төрағасы Ж.Асанов !

Апелляциялық сот алқасының судьялары Н.Абидов, М.Атибеков, Г.Нурлыкулов және Л.Рамазанова өздерінің біліктілігімен, әділеттігімен басқа судьяларға үлгі болады және марапаттауға жатады деп есептеймін.

Керісінше, судья Б.Оразымбетов, өзінің қызмет бабын теріс, адвокатты кемсіту, одан кек алатын құрал ретінде пайдаланып, мүгедек адамға азды–көпті «жылы лебіз» танытудың орнына, мүгедек адамға қатысты әкімшілік ісі бойынша адвокаттың сотқа қатысып, оның заңды мүддесін қорғағаны үшін алуға тиісті еңбек ақысын төлету туралы қаулы қабылдаудан заңсыз бас тартты. Еңбек ақысын төлету туралы қаулы қабылдаудан заңсыз бас тартқаны туралы **СОТ АКТІСІН қабылдамай адвокаттың заңсыз сот актісіне шағымдану мүмкіндігін шектеді.** Бұл заңсыздық деректері туралы Жамбыл облысы сотының төрағасына 15.09.2022 жылы арызданғанмын. Алайда жауап беру мерзімі заңсыз бұзылса Б.Оразымбетовтың басқада заңсыз әрекеттері жайлы Сізге қосымша жариялаймын.

Ізгі құрметпен адвокат



А.А.Бастаров